ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5 желтоқсан №5265-23-00-2/3006 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Пернегул Тажибаевна Асаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер 2023 жылғы 7 тамыздағы мемлекеттік сатып алу туралы №348 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 229, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Пернегул Тажибаевна Асаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын

Дара кәсіпкер Пернегул Тажибаевна Асаевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өнірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А.Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 05.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2024, судья Сейтжанұлы С., 16.01.2024

5265-23-3-1/3403